

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ


«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ «САУЫҚТЫРУҒА 10 ҚАДАМ» БАСТАМАСЫ

(Жалғасы, басы өткен сандарда.)

3 ҚАДАМ. Су пайдалану

Тамақтан гөрі өмір үшін су аса қажет. Тамақсыз адам 3 апта өмір сүре алады, ал сусыз 3 тәуліктен көп емес. Ыстық ауа-райында сусыз адамның ағзасы бірнеше сағаттың ішінде сусыздануы мүмкін. Бұл адам денесінің 75 % судан құралатынымен түсіндіріледі.

ЕЖЕДНЕВНАЯ НОРМА ПОТРЕБЛЕНИЯ ВОДЫ



ВОДА В ОРГАНИЗМЕ ЧЕЛОВЕКА



Су ағзаны токсиндерден және ластайтын заттардан тазартады, ағзаның барлық физико-химиялық реакцияларында қатысады. Су дене температурасын қажетті деңгейге дейін төмендететін суытқыш қызметін атқарады, табетті бақылауға көмектеседі және буындарды ылғандандырады.

Ауыз су режимі бұл суды пайдаланудың дұрыс тәртібі деп түсіну керек. Дұрыс ауыз су тәртібі қалыпты су-тұз тепе-теңдікті қамтамасыз етеді, және ағзаның өмір қажеттіліктеріне жағымды жағдай туғызады.

Тәулігіне 1,5-2 литр су қабылдау қажет. Бұл көрсеткіш жеке-жеке салмаққа, жыл мезгіліне, адам белсенділігіне және т.б. байланысты таңдалады. Ауыз судың қажетті көлемінің формуласы бар: салмақ*0,04 = тәулігіне литр су.

Газдалған суды пайдалануды шектеу немесе пайдаланбау: құрамындағы көмірқышқыл газы шөлді арттырады және асқорыту жүйесінің жұмысына

жағымсыз әсер етеді.

Суды тамақтанар алдында ішкен жөн, 15-20 мин бұрын. Ешқандай жағдайда суды тамақтанған уақытта немесе тамақтанғаннан соң бірден ішпеңіз. Су асқазаннан 10-15 минут ішінде шығарылады. Егер тамақтанған уақытта су ішсеңіз, су асқазан сөлін сұйылтады, ал бұл асқорытуды бұзады. Егер суды тамақтанғаннан кейін бірден ішсеңіз, сұйық асқазаннан қорытылмаған тамақты айдайды, ал ол өз барысында бүліну мен ашыту үрдістерін іске қосады. Крахмалданған тағам 2 сағат ішінде, ақуызды - 4-6 сағатта қорытылады. Осы уақыт өткеннен соң ғана (қабылданған тағам түріне байланысты) тамақтан кейін су ішуге болады. Күнделікті таңертен аш қарынға лимон қосылған стақан су ішкен пайдалы (түні бойы суда тұну үшін, лимонды стақандағы суға кешке салып қойғаны жөн). Кейін таңғы ас ішер алдында стақан шәй, шөпті тұнба немесе қайнатпа ішіңіз. Міндетті түрде, түскі ас алдында, күннің алғашқы және екінші жартысында, және де бір-екі стақан сұйықты (шәй, шырын, су) кешкі ас алдында ішіңіз.

Ыстық жыл мерзімінде, сұйық жоғалу мен шөлдеу сезімі күшейгенде ағзаға көп сұйық қажет болады. Осындай жағдайда стақан суды бір қабылдамай, бірте-бірте 1-2 жайлап уақыт аралықпен жұту керек.

МАРАПАТ



1-желтоқсан – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күніне орай Құрманғазы атындағы мәдениет сарайында облыстық салтанатты шара өтті. Мерекелі шарада Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев облыс жұртшылығын құттықтап, Елбасы Нұрсұлтан

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЕСЕБІ

ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫС КӨП, АТҚАРЫЛАР ІС ТЕ АЗ ЕМЕС



«Ембімұнайгаз» АҚ-да (ЕМГ немесе Компания) Басқарма төрағасы ұжым алдында 2018 жылғы 10 айының қорытындылары бойынша есеп берді.

Есеп беру жиналысына Компания басшылығы, басқару аппаратының (бұдан әрі БА) мен өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің (бұдан әрі ӨҚБ немесе Басқарма) басшылары басшылық құрамы, департаменттер мен қызметтер қызметкерлері, цех пен әр бөлімшенің әлеуметтік қамсыздандыру бөлімдерінің басшылары, ӨҚБ мен Компанияның кәсіподақ комитеттерінің жетекшілері қатысты.

2 →

ЕҢБЕК ЕЛЕНУІМЕН ҚҰНДЫ

Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанның қалыптасып, даму тарихында алатын орнына кеңінен тоқталды.

Шара барысында еліміздің, соның ішінде, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан бір топ қызметкерлер түрлі марапаттармен марапатталды. Облыс басшысы қолынан «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан Нақпаев «Астанаға - 20 жыл» мерейтойлық медаліне ие болды.

Шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

(Жалғасы, басы 1-бетте.)

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ Компанияның барлық қызметкерлеріне еңбекті қорғау бағытындағы жұмыстары мен жетістіктеріне алғыс білдірді. Айта кетсек, өткен 10 айда бірде-бір өлім немесе апаттық жағдайлар тіркелген жоқ.

– Бұл біздің ортақ жетістігіміз! Компания үшін ең маңыздысы – өндірістік көрсеткіштер емес, әр қызметкеріміздің үйі мен отбасына аман-есен оралуы екендігін бұған дейін де айтып келемін, – деді есеп беру жиынында ЕМГ басшысы.

Компания басшысының айтуынша, аталған кезеңде ЕМГ бойынша 2 миллион 398 мың тонна мұнай өндіріліп, мұнайды тапсыру жоспары 2 миллион 371 мың тоннаға орындалды. Ілеспе мұнай газын өндіру 135,96 миллион текше метрді құрап, жоспарланған көлемнен асып түсті. 2018 жылға мұнай өндіру мен тапсыру жоспарлы көрсеткіштерге сай келіп отыр.

Компания басшысы әрбір ӨҚБ-ның өндірістік, күрделі құрылыс, технологиялық үдерістерді автоматтандыру, жаңа жобалар мен технологияларды енгізу, өндірісшілік жолдар құрылысы бағдарламасын іске асыру көрсеткіштеріне тоқталып, ЕМГ өндірістік блогы мен әр Басқарманың біріккен жұмысын ерекше атап өтті. БА-ның негізгі департаменттерінің жұмыс қорытындылары қаралып, анықталған проблемалардың шешілу жолда-

ры сараланып, барлық сауалдар бойынша жетекшілік ететін басшыларға нақты тапсырмалар берілді.

– Компания әлеуметтік инфрақұрылымның материалдық-техникалық базасын жаңғырту бағдарламасын іске асыруды жалғастыруда. Биылғы жылы Кенбай кен алаңында жаңа жатақхана мен Қисымбай және С. Балғымбаев кен орындарында 2 асхана пайдалануға берілді.

Компания өз қызметкерлерін бәсекеге қабілетті еңбекақымен және әлеуметтік пакетпен қамтамасыз етіп келеді. 2018 жылдың 9 айында «Ұжымдық шартқа» сәйкес, 258 миллионға жуық теңге көлемінде өз қызметкерлерінің алдындағы міндеттемелерін орындады. Бұған зейнеткерлерді қолдау бағытындағы әртүрлі төлемдер, жыл сайынғы еңбек демалысына қоса сауықтыру төлемдері, баланың дүниеге келуіне байланысты бір реттік төлемдер, құрметті демалысқа шығу, жүктілік пен бала тууға байланысты төлемдер, қызметкерлермен олардың отбасы мүшелерін медициналық сақтандыру, ата-аналардың балалардың демалысы

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЕСЕБІ



үшін сауықтыру лагерьлеріне жұмсалатын шығындары және тағы басқалар кіреді. Жұмысшылар демалыс және денсаулықтарын шыңдау орындарын өздері таңдай алады. Сонымен қатар, Компания жұмысшылардың шипажай-курорттық емдерінің де шығындарын өтейді, – деп Ә.Жақсыбеков әлеуметтік мәселелерді егжей-тегжейлі түсіндірді.

Кадр саясатын жүзеге асыру мәселеріне ерекше көңіл бөлінді. Ағымдағы жылдың 10 айында қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті курстардан 4300-ден астам қызметкер өтті, 874 инженер-техник маман біліктіліктерін арттырды, даярлау және қайта даярлау курстарынан 816 қызметкер (соның ішінде, 60 жұмысшы – профильді емес мамандық түрлерін оңтайландыру бойынша) өтті.

Кадрлық резервті қалыптастыру және дуалды оқыту бағдарламалары сәтті жүзеге асып келеді. Дуалды оқыту бағдарламасы бойынша 2015 жылдан 2018 жылғы қараша айына дейін Атырау мұнай және газ университеті, АПЕК Петротехник жоғарғы колледжінің 74 студенті өндірістік білім алып, тәжірибеден өтті. Барлық тағылымгерге «3-разрядты ұңғыларды зерттеу операторы» біліктілігі берілді. 19 студент – «Сусыздандыру мен тұзсыздандыру қондырғысының операторы», 20 студент – «Мұнай және газ өндіру операторы» мамандықтары бойынша екінші біліктілікке ие болды. Тестілеу нәтижесінде жоғары балл жинаған 37 студент Компанияға жұмысқа қабылданды.

3 →



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЕСЕБІ

(Жалғасы, басы 1,2-беттерде)

ЕМГ-нің 220 жұмысшысы денсаулығына байланысты Компанияда жүзеге асып жатқан бірегей жоба – «Мерзімінен бұрын зейнеткерлік демалысқа шығу» бағдарламасын қолданды (58 жастан бастап бес жылға дейін ай сайынғы жалақысының



48-50% жәрдемақы ретінде беріледі). Аталған бағдарлама өмірінің көп жылдарын Ембі өндірісіне арналған жұмысшыларды қолдау мақсатында жүзеге асуда.

Компания басшысы, сонымен қатар, тәртіптік жазаның көпшілігі қызметтік міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған, жұмысқа деген немқұрайлы көзқарас танытқан, орта буын басшылары тарапынан бақылау жүргізбеген, қауіпсіздік техникасын сақтамаған қызметкерлерге қолданғанын атап өтіп, еңбек және орындаушылық тәртіпке баса назар аударды.

Келісімшарт міндеттемелеріне сәйкес Компания Атырау облысының

инфрақұрылымын дамытуға белсенді қатысып келеді. Жыл сайын бұл мақсатта облыстық бюджетке қаражат аударылуда. 2018 жылы әлеуметтік жобаларды қаржыландыру үшін 1,8 миллиардтан астам теңге қаражат бөлінді.

– *Көріп отырғаныңыздай, барлық бағытта да ауқымды жұмыстар*



жүруде. Осыған орай, ұжымға Ембінің өркендеуіне қосып жатқан үлестері үшін алғыс білдіремін! Жылдың аяқталуына да аз ғана уақыт қалды. Алдымызда үлкен міндет тұр – 2 895 тонна көлемінде мұнай өндіріп, рекордты көрсеткішке қол жеткізу. Біздің кәсіби білікті мамандармен, ұйымшыл ұжыммен бұл мақсатқа қол жеткізерімізге сенімдімін, - деді сөзінің соңында Ә.Жақсыбеков.

Ұжым алдында есеп беру жиыны барысында Компанияның құндылықтары жөнінде түсірілген корпоративті фильм таныстырылып, жұмысшылардың ұсыныс-пікірлері тыңдалды.



ТАҒАЙЫНДАУ

КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Еңбек өнімділігін арттыру, жоспарланған мақсаттарды орындау және 2027 жылға дейін Қоғамның даму тұжырымдамасына сәйкес жобаларды іске асыру мақсатында, жұмыс тәжірибесі мен көшбасшылық дағдыларын басқа өндірістік бөлімшелерде пайдалану (қызметкерлерді ауыстыру) үшін «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының бұйрығымен:



- **СҮЛЕЙМЕНОВ Амангелді Тасқынбайұлы** «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының басшысы;



- **ӘБДИЕВ Серік Амангелдіұлы** «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының басшысы;



- **ЖҮНИСОВ Мәлік Мұхышұлы** «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының басшысы;
- **ҚОДАНОВ Қайнар Құлмағанбетұлы** – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің бас инженері;
- **БЕРКАЛИЕВ Жасұлан Жанайұлы** – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нің бас инженері;
- **МҰҚАНОВ Нұрлыбек Аққалиұлы** – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-нің бас инженері болып тағайындалды.

МҰНАЙШЫЛАРДАН HAND MADE

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ



«Ембімұнайгаз» АҚ (бұдан әрі ЕМГ немесе Компания) бас кеңсесінде «АЯЗ АТАДАН СЫЙЛЫҚ» атты дәстүрлі қайырымдылық жәрмеңкесі өтті. Бұл қайырымдылық шарасын ұйымдастырудағы басты мақсат – жәрмеңкеден түскен қаражатқа аз қамтылған отбасы балаларына жаңажылдық сыйлық алу.

Жергілікті 3 суретші авторлық туындыларын, Handmade-қоғамдастықтарының 7 шебері, қолөнершілер, зергерлер мен компанияның өндірістік құрылымдық бөлімшелері қызметкерлері – «Ембімұнай-энерго» басқармасының өндірістік қызмет көрсету учаскесінің жұмысшысы Жанәбіл РАХЫМЕТОВ пен релейлік қорғау, автоматтандыру және метрология бөлімшесінің инженері Ильярика ДЯТЛОВА өздері дайындаған қолөнер бұйымдарын жәрмеңкеге ұсынды. Қайырымдылық шарасында екі шебер дайындаған қолөнер бұйымдары да үлкен сұранысқа ие болды.

– Жыл сайын «Ембімұнайгазда» қайырымдылық жәрмеңкесін өткізу игі дәстүрге айналып келеді. Жаңа жылды асыға күтіп

жүріп, айналадағы адамдардың барлығының бақытты болғанын, армандардың орындалғанын қалаймыз. Алайда, әр ата-ана баласының арманын орындауға, сыйлық алып беруге қауқары жете бермейді. Осыған орай, балаларға қуаныш сыйлау мақсатында әріптестеріміз биыл да осы шараны ұйымдастырды. Біз адал ниетпен бастаманы қолдап, осы мерекені белсенді түрде өткізуге атсалыстық. Қолдан келген өнерімізді аямадық. Осылайша, балаларды қуантуға күшкене болса да үлесімізді қостық деп есептеймін. Әр сәбиге бақытты балалық шақ тілейміз, - дейді ЕМГ қызметкері Анжела Бударина.

Қайырымдылық шарасынан түскен 345 190 теңгеге толығымен көмекке мұқтаж отбасыларға жұмсалды. Орталық басқару аппаратының қызметкерлері – А.Бударина, Ж.Арықбаева, келешекте дамыту блогының жас қызметкерлері, Ә.Калибекова, Б.Ерниязова, Г.Калипина, Ә.Давлеталиева да жәрмеңкені өткізуге атсалысып, өз қолымен дайындаған бұйымдары мен тағамдарын ұсынды.



ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстар қызметі

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ

ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ҰМТЫЛУ ЖЕТІСТІКKE ЖЕТЕЛЕЙДІ

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның (Компания немесе ЕМГ) Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан НАҚПАЕВ бастаған әлеуметтік саланың, жұртшылықпен байланыс қызметі мен құжат айналымы тобының мамандары Батыс Қазақстан облысының Ақсай қаласындағы «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» (бұдан әрі ҚПО) компаниясының әлеуметтік инфрақұрылымы бағытындағы жұмыстарымен тәжірибе алмасу мақсатында екі іс-сапарда болып қайтты.

Танымдық сапарға Компанияның өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің әлеуметтік қамсыздандыру бөлімдерінің басшылары, басқару аппаратының әлеуметтік саясат департаментінің, қоғаммен байланыс қызметінің және құжаттармен



қамту тобының қызметкерлері қатысты.

- Тәжірибе алмасу – кәсіби қажеттілік. Осы мақсатта еліміздегі ірі мұнай-газ конденсатын өндіретін ірі кеніш – Қарашығанақта болып, жұмысшыларға көрсетіліп жатқан әлеуметтік көмектер мен өңірдің инфрақұрылымын дамыту мақсатындағы игі шаралардың орныдалуымен танысу үшін екіжақты кездесу ұйымдастырылуда. Компаниялар арасындағы әріптестік байланысты нығайту арқылы жаңалыққа бағытталған жаңа шаралармен танысамыз, тың жобаларды жүзеге асыру жолында бірлескен жұмысты



жандандырамыз деген ойдамыз, - деп атап өтті кездесу барысында **ЕМГ Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан НАҚПАЕВ**.

Сапар барысында ембіліктер Қарашығанақ кен орнының әлеуметтік нысандарында болып, жұмысшыларға жасалған әлеуметтік көмектермен жан-жақты танысты. ҚПО мамандары ЕМГ өкілдеріне кәсіпорынның қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік пакет шеңберінде қызметкерлерге көрсетілетін медициналық қызметтер, демеушілік пен қайырымдылық жобаларының жүзеге асуы туралы баяндады.

Сондай-ақ, ЕМГ қызметкерлері «Норт Каспиан Оперейтинг Компани» (бұдан әрі НКОК) компаниясының әлеуметтік инфрақұрылымы бағытындағы жұмыстарымен тәжірибе алмасу мақсатында «Самал» вахталық қалашығында іс-сапарда болып қайтты.

Сапар барысында ембіліктер аталған вахталық қалашығындағы жатақхана жағдайымен, асхана жұмысымен, қызметкерлердің демалыс орындарымен кеңінен танысты. НКОК мамандары ЕМГ өкілдеріне кәсіпорынның қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік пакет шеңберінде қызметкерлерге көрсетілетін медициналық қызметтер жайында баяндады.

Компаниялар арасындағы әріптестік байланысты нығайту арқылы тың жобаларды жұмысты жүзеге асыруға болады. Сапарлардың қорытындысымен ембіліктер осындай ой түйді.

ЕМБІЛІКТЕР МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕНІ АТАП ӨТТІ

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның (Компания немесе ЕМГ) Бас кеңсесінде 1- желтоқсан –Туңғыш Президент күніне арналған салтанатты шара өтті. Оған Компания басшылығы мен Орталық басқару аппаратының ұжымы қатысты.

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан НАҚПАЕВ шараны салтанатты түрде ашып, мерекенің маңыздылығына айрықша тоқталды.

- Қазақ елі Тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап жаңа өмірге нық сеніммен қадам басты. Елбасы қазақ халқының ең қиын кезеңдерінде билікті қолына

алып, қандай қиын жағдайларда да дұрыс шешім қабылдап, тығырықтан шыға білетін көреген саясаткер екенін дәлелдей білді. Елбасымыздың есімі тәуелсіз Қазақстан тарихында мәңгі қалады. Дәлірек айтсам, оның есімі тарихта қазақ жұртшылығына тәуелсіздік сыйлаған тұлға ретінде қалады, - деп атап өтті өз сөзінде Сәлімжан Жұмашұлы Нақпаев.

Шарада **ЕМГ АҚ Кәсіп-одақ ұйымының жетекшісі Кенжеғали Шанканов, Компания «Жас мамандар»**

САЛТАНАТТЫ ШАРА

кеңесінің жетекшісі Серік Шығанов әріптестерін айтулы мерекемен құттықтады.

Салтанатты шарада Н.Жантөрин атындағы Атырау облыстық филармонияның өнерпаздары көпшіліктің назарына мерекелік концерттік бағдарламаларын ұсынды.



БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН 5 АЛАҢ

Жуырда Атырау облысының 3 ауылы мен облыс орталығының екі мөлтек ауданында «Samruk-Kazyna Trust» қорының демеушілігімен бір-неше балалар спорт және ойын алаңдары ашылды.

Әмбебап алаңдарды салудағы мақсат – халықтың салауатты өмір

қайырымдылық жобалары мен бағдарламаларын жүзеге асырып келеді.

– Қараша айының 17-23 күндері аралығында балалар мен үлкендерге арналған әмбебап алаңдар Атырау қаласының екі ірі мөлтек ауданы



салтын қалыптастыру және олардың бос уақытын ұйымдастыру болып табылады.

Естеріңізге сала кетсек, аталған қор «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының, соның ішінде «Ембімұнайгаз» АҚ-ның (бұдан әрі ЕМГ немесе Компания) атынан тұрғындардың әлеуметтік маңызды мәселелерін шешуге бағытталған



– Тұрғындар қалашығы мен Алмагүлде, сонымен қатар, ЕМГ-нің өндірістік құрылымдық бөлімшелері орналасқан үш елді мекен – Мұқыр, Доссор, Аққыстауда ашылды. Бұл алаң «Менің елім» әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы аясында, «Samruk-Kazyna Trust» қорының қолдауымен салынды.



Аталған жоба қордың әлеуметтік инфрақұрылымды дамытумен қатар, азаматтық бастамаларды, тарихи-мәдени құндылықтарды дәріптеу, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатындағы «Менің елім» әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы аясында іске асты, - деп атап өтті Атырау қаласының Тұрғындар қалашығы мөлтек ауданындағы алаңның ашылу салтанатына қатысқан **ЕМГ Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан НАҚПАЕВ.**

Облыс аудандарындағы алаңдардың ашылу салтанаттарына Компанияның өндірістік құрылымдық бөлімшелері өкілдері – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ бас инженері Қ.Қоданов және «Дос-сормұнайгаз» МГӨБ басшысының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары С.Мұхамбетов қатысты.

Облыстағы салынған барлық 5 алаңның жалпы құны – **278 миллионнан астам** теңгені құрады.



КӘСІБИ МЕРЕКЕ

Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы – теңгенің айналымға шыққанына 25 жыл толуына және ҚР қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай «Ембімұнайгаз» АҚ-да (бұдан әрі ЕМГ немесе Компания) алғашқы рет сала қызметкерлерінің басын қосқан конференция ұйымдастырылды.



– «Ембімұнайгаз» АҚ қаржы блогы бүгінгі күннің талабына сай қызмет атқарып, цифрландыру бойынша есептік жүйені барынша дамытуға күш салуда. Қазіргі уақытта салық регистрлерін автоматтандыру жұмыстары атқарылуда. Ол жүйені өнеркәсіпте пайдалануды жүзеге асыру келер жылға көзделген. Сонымен қатар, қаржы есептерін автоматтандыру, 1С «Зарплата»-дан SAP HCM-не өту, мүлікке автоматты түрде түгендеу жүргізу және негізгі қор есебін енгізу мәселелері де күн тәртібінде өз кезегін күтуде, – деп атап өтті компанияның қаржы саласы қызметкерлерін төл мерекемен құттықтаған **«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы**

ЕМБІЛІК ҚАРЖЫГЕРЛЕР ӨЗ ЖОБАЛАРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

жөніндегі орын-
басары Рысты
ТАСМАҒАМБЕТОВА.

Конференция барысында «Ембімұнайгаз» АҚ бас бухгалтері Н. Махамбетов, қазынашылық департаментінің директоры Қ.Қосанов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің есеп жүргізу бөлімінің басшысы Н.Сатангулова, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің есеп жүргізу бөлімі басшысының орынбасары А.Үмбетқалиев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нің есеп жүргізу бөлімінің басшысы Е.Габдуллин, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-нің есеп жүргізу бөлімінің басшысы Е.Әліпқалиев, «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының есеп жүргізу тобының жетекшісі Г.Құрманғалиева және «Ембімұнайэнерго» басқармасының есеп жүргізу тобының жетекшісі М.Исағалиева баяндамаларын оқыды, тәжірибелерімен бөлісті және өзекті мәселелер талқыланды.

ЕМГ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Р.Тасмағамбетова кәсіби шеберлігі мен компанияның әлеуметтік-экономикалық



дамуына қосқан үлесі үшін Компанияның өндірістік құрылымдық бөлімшелерін бухгалтерлері – **Ж.ШАҚПАҚОВА, Л.МҰХАМБЕТАЛИЕВА, А.ҚАЛЖАНОВА, Ә.ҚОЖАХАЕВ, Л.ҚАПАШЕВА, Б.ҮМБЕТЖАНОВА** «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Шара соңы «Көпшілік алдында еркін сөйлеу өнері» тақырыбындағы тренингке жалғасып, мерекелік дастархан жайылды.



ЕМБІЛІК ЖАС МАМАНДАР



Осыдан бірер ай бұрын Компаниямыздың жас, еңбекқор, талапты қызметкерлері туралы мақалаларды шығаруды қолға алғанбыз. Соның нәтижесінде Сіздер қазақ мұнайының қара шаңырағы саналатын Ембінің көптеген жас есімдерімен таныстыңыздар.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз – «Ембімұнайэнерго» басқармасының релейлік қорғау, автоматтандыру және метрология бөлімшесінің инженері Әсет БОРАНҒАЛИЕВ.

– Мұнай саласын таңдауыңызға не әсер етті?

– Менің мұнай-газ саласына келуіме тікелей әкем әсер етті. Әкем еңбек жолын «Ембімұнайгаз» АҚ-да қарапайым электромонтер болып бастап, ширек ғасырға жуық абыроймен қызмет етті, бүгінде Қазақстан Республикасы мұнай-газ саласына еңбек сіңірген қызметкер, құрметті зейнеткер. Әкемнің жұмысқа деген ерекше жауапкершілігіне,

«МАМАНДЫҚТЫ ТАҢДАУҒА ӘКЕМ ӘСЕР ЕТТІ»

талапшылдығына, басшылық ұйымдастырушылық қабілетіне, қиын сәтте шешім шығара білетін тапқырлығына таң қалатынымын. Сондықтан мен де әке жолын қуып осы мамандықты таңдадым. Оған еш өкінбеймін, қайта мақтаныш әрі мәртебе көремін.

– Ембідегі ең үлкен жетістігіңіз қандай деп ойлайсыз?

– Алар асуым, шығар биігім алда деп есептеймін. Ал, бүгінге дейінгі еңбек жолымда қол жеткізген үлкен жетістігім - «Жыл үздігі-2016» жастар сыйлығы байқауында «Жылдың үздік жас мұнайшысы» атануым. Сонымен қатар, 2015 жылы «ҚазМұнайГаз» компаниясының ұйымдастыруымен Қызылорда қаласында өткен жас мамандар арасындағы жобалар байқауында менің дайындаған жобам 2-нші орын иемденді. Мен үшін бұл үлкен қуаныш болды, жұмысқа деген ынтам көтерілді.

– Ембімен байланысты ең ыстық естелігіңіз қандай?

– Қарап отырсам, өмірімде еске алатын жып-жылы естеліктер өте көп екен. Соның ішінде қызметіммен байланыстысы – Елбасымен кездесуіміз. 2012 жылы Атырау облысының ең белсенді жастары болып Астана қаласында өткен Жастар съезіне барған болатынымыз. Мұндай ауқымы кең шараға бірінші

рет қатысуым. Мемлекет басшысының қатысуымен өткен съезді менің өмірімде ерекше орын алады. Жастардың жалынды жігерін, көздеріндегі отты, болашаққа деген сенімді, ыстық жүректі көріп, келешекке деген сенімім арта түсті, мойнымызда үлкен жауапкершілік барын тағы бір сезіне түстім. Және осы съезде өзімнің болашақ жарымды таптым.

– Жұмыста өзіңіздің ұстанымыңыз бар ма?

– Менің ұстанымым - әр адам өз ісінің шебері болу керек. Мейлі, ол дәрігер, инженер, монтер немесе ұстаз болсын. Сонымен қатар, білім мен біліктілікті жетілдіріп, замана көшінен қалмай дамып отыру қажет. Себебі, қазір жаһандық даму өте үлкен қарқынмен жүрде. Еліміз қарыштап дамып жатқанда сол әлемдік өзгерістерден қалып қоюға құқымыз жоқ. Ата-анам берген тәрбиемен жүреміз, адамгершіліктен аттамай, қандай жұмыс жасасам да елім, Қазақстанымның гүлденуі, келешек жас ұрпақтың жарқын болашағы үшін деп жасаймын. Әке абыройына дақ түсірмеу - басты борышым. Менің ұстанымдарым – осы.

– Болашағыңызды қалай елестетесіз?

– Мен қазір бірнеше жобалармен жұмыс жасаудамын. Бұл – мен үшін тың жұмыс, өте қызық. Соларды бақылау, кемшін тұстарын табу, уақытында аяқталуын қадағалау – менің міндетім. Адамда арман таусылған ба?! Болашақты уақыт пен қарым-қабілетім көрсетеді деп ойлаймын. Бір орында тұрып қалғым келмейді.

МЕНШІК ИЕСІ:
«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ



ЕмбіМұнайГаз
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Шығарушы:
қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор:
Айгүл Ертлеуова



<https://www.facebook.com/100016808373445>



https://www.instagram.com/ao_embamunaigas



<https://t.me/embamunaigaz>



www.emba.kz

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ КЕҢЕС:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ – «Ембімұнайгаз»

АҚ Басқарма төрағасы; Айболат

ГАБДУЛЛИН – Басқарма төрағасының

өндіріс жөніндегі орынбасары; Қайрат

ӘДІЛБЕКОВ – Басқарма төрағасының

геология және кен орындарын игеру

жөніндегі орынбасары; Бауыржан

БАЛЖАНОВ – Басқарма төрағасының

бизнесі дамыту жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ – Басқарма

төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі

орынбасары; Гүлбану ШАРАФЕДИНОВА

– қызметкерлерді басқару және еңбекке

ақы төлеу департаментінің директоры;

Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА – қоғаммен

байланыс қызметінің жетекшісі

ХАТ-МАТЕРИАЛДАРЫҢЫЗДЫ ТӨМЕНДЕГІ МЕКЕН-ЖАЙҒА ЖІБЕРЕ АЛАСЫЗДАР:

Атырау қаласы, Ш.Уәлиханов
көшесі, 1-үй, ЕМГ АҚ бас кеңсесі,
105 кабинет

Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА

8 (7122) 99-34-77

L.Suleimenova@emg.kmgep.kz

Ғалия ҚАРАЖАНОВА

8 (7122) 99-34-21,

G.Karajanova@emg.kmgep.kz

Айгүл ЕРТЛЕУОВА

8 (7122) 99-32-09,

A.Ertleuova@emg.kmgep.kz